

Бейнеу аудандық мәслихатының 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 18/171 "Бейнеу ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 2023 жылғы 13 қазандағы № 6/59 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 қазанда № 4613-12 болып тіркелді

Бейнеу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Бейнеу ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" Бейнеу аудандық мәслихатының 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 18/171 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27643 болып тіркелген) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімге қосымшада:

2 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алуды (бұдан әрі - оқытуға жұмсалған шығындарды өндіріп алу) мүгедектігі бар баланың үйде оқу фактісін растайтын оқу орынының анықтамасы негізінде "Бейнеу аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүргізеді."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бейнеу аудандық мәслихатының төрағасы

А. Бораш